

**Жалпы білім беретін Ғ.Мұратбаев атындағы орта мектебінің
2021-2022 оқу жылындағы мектеп психологтарының жарты жылдық жоспарының есебі.**

**Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі 2021 жылғы 16
қыркүйектегі №472 Бұйрығына 2-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына 2-қосымша**

Педагог-психолог қызметінің мақсаты мен міндеттері

Мақсаттар:

Білім беру ұйымының педагог ұжымы мен әкімшілігіне оқушылар мен тәрбиеленушілердің жеке даралығына сай келетін дамудың әлеуметтік жағдайын орнату және барлық оқу үрдісіне қатысушылардың, педагогикалық ұжыммен, оқушылармен, тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының тұлғасының дамуы мен денсаулығын сақтау мен қорғауда тиісті психологиялық жағдай орнатуға қолдау көрсету.



Міндеттер:


- 1) Білім беру ұйымында әлеуметтік жағдайдың дамуына психологиялық талдау, негізгі проблемаларды анықтау және оның туындау себептері мен шешу жолдарының әдіс-тәсілдерін анықтау;
- 2) Білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- 3) Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің тұлғалық және зияткерлік жағынан жетілуіне септесу, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- 4) Білім алушылардың тұлғасын психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тұрғыдан ықпал ету;
- 5) Психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;
- 6) Психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- 7) Психологиялық проблемаларды шешуде және оқу – тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтерге консультациялық көмек көрсету;
- 8) Білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін көтеру.

**Биылғы өзгерген бұйрық бойынша жылдық жоспар бес бағытқа бөлініп сол
бойынша жұмыстар атқарылып келеді.**

Диагностикалау

1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуін дағдысын анықтау мақсатында «Керн-Йирасек», «Жануарлар мектебі» проективті әдістемесі арқылы жүргізілді. Балалардың оқушы позициясы қалыптасқан және мектептегі міндеттеріне толықтай бағынады. Оқу іс-әрекетінің бейнеленуі бойынша, мектептегі оқу жақтары қызықтырады. Қорытынды интерпретациясы б-ша оқушы позициясы қалыптаспаған оқушылармен қосымша жұмыстар жүргізілді.





Бала бойындағы түрлі қабілеттер мен дарындардың байқалу деңгейін және де қазіргі уақытта қай түрі басымдырақ болып тұрғанын бағалау мақсатынды гугл форма арқылы 1-4 сынып ата-аналарына «Дарындылық картасы» әдістемесі жүргізілді. Мектеп бойынша «Дарындылық картасы» әдістемесіне 130 ата-ана қатысты, соның ішінде танымдық-26, шығармашылық-34, ғылыми-8, көркем-бейнелеу-14, музыкалық-21, әдеби-12, әртістік-10, психологиялық-5, көшбасшылық-29, спорттық-44.

Жеткіншектер мен жасөспірімдердің эмоционалдық-еріктік аймағын диагностикалау мақсатында 1-4 сыныптар аралығында «Кактус» проективті әдістемесі жүргізілді. Қорытындылай келе, оқушылардың жағымды және жағымсыз мінез-құлықтары анықталып, қай бағытта жұмыстану керек екендігін анықтадық.



Оқушылардың дарындылығын дамыту, бір-біріне көмек беруді ұйымдастыру, зейін, есте сақтау қабілеттерін анықтау, дамыту үшін «Дарынды оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту» атты 4 сыныптар арасында тренинг жүргізілді.



Оқушыларды өз көңіл-күйін игере білуге және басқаруға, қадағалауға, дұрыс бағалай білуге тәрбиелеу мақсатында «Көңіл-күй» тренингі жүргізілді.



2021-2022 оқу жылы бойынша 5-сынып оқушыларының оқу үдерісіне бейімділігін анықтау барысында сауалнама жүргізілді. Мектепте төрт 5-ші сынып оқиды. 5 «А» сыныбында 18 оқушы, 5 «Ә» сыныбында 18 оқушы, 5 «Б» сыныбында 19 оқушы, 5 «В» сыныбында 10 оқушы. Барлығы 65 оқушы білім алуда. Орта буынға өткен оқушыларды психодиагностикалық бағдар бойынша зерттеу мақсатында, 5 сынып оқушыларының ортаңғы сатыға бейімделуін анықтау. Балалар мен жасөспірімдердің тұлғалық ерекшеліктерін диагностикалау 1.Г.Ю.Айзенк әдістемесі. 2.Г.Шмишпектің тұлғалық сауалнамасы. 3.Проективті әдістемелер. 4.Темпераментті анықтау 5-11 сынып оқушыларына сауалнама жүргізілді. 5-6 сынып оқушыларына Тұлғалық және тұлғааралық қарым-қатынас ерекшеліктерін диагностикалау барысында социометрия әдісі жүргізілді. 9-11 сынып оқушыларына Мамандық таңдауға кәсіби бағдар беру, кәсіби маңызды сапаларды кешенді диагностиклау сауалнама, әдістемелері жүргізілді. 6-7,8-11 сынып оқушыларына Жеткіншектер мен жасөспірімдердің эмоционалдық-еріктік аймағын диагностикалау әдістеме, тесті жүргізілді.

Мектептегі психологиялық қызметтің міндеттерінің бірі-баланың психологиялық саулығын, яғни жан дүниелік, физиологиялық дамуына ықпал ету және ортада қолайлы микроклимат қалыптастыру. Бастауыш сыныпқа өткенде, орта буын сыныбындағы дағдыға бейімделу кезінде балада дағдарыс сипаттары болады. Бастауыш пен орта буын оқуындағы өзіндік қиындықтар шәкірт психикасының өзгеруіне, эмоционалдық сферасын игеруіндегі қиналыстарға әкеліп, оқу-үлгерімінің, психикалық саулығының төмендеуіне әсер етеді. Бастауыш сыныпта бір ғана мұғалім сабақ өткізетін болса, орта буында бірнеше мұғалім сабақ өткізеді, оқушылар мұғалімдердің өзіне тән психологиясын үйрене алмайды. Бастауыш сыныпта оқушылар мұғалімдердің өзіндік ерекшеліктеріне сын көзбен қарамаса, мұғалім оқушы үшін бедел иесі болса, жеткіншектің кезеңде балалар мұғалімдерінің өзіндік ерекшеліктеріне сын көзбен қарай бастайды. Төменгі сынып оқушылары үшін сабақ мазмұны қызықты болса, орта буында пәндердің көбеюі, олардың мазмұны жеткіншектер үшін қиыншылықтар тудырады. Адаптациялық кезеңдегі зерттеу оқу жылының басында, қыркүйек айындағы, сыныптың жалпы жағдайын зерттеуден басталады. **Онда:** Жаңа сатыға өту кезіндегі қиындықтардың негізгісі – жаңа пәндердің көптеп енуі және жаңа сынып жетекшісі мен пән мұғалімдерінің болуы.

Баланың мектепке бейімделуі бірден іске аспайды. Мектепке нақты үйренуіне бір күн, бір жұма қажет емес. Бұл деген расында ұзақ жүйе. Баланың мектепке бейімделуіне онтайлы уақыт 1,5-2 ай. Бірақ кейбір балалар бұл кезеңді -3-4 ай, кейде тұтас оқу жылын қажет етеді. Бала мектеп табалдырығын аттағаннан бастап оның өмірі түбегейлі өзгереді-жаңа міндеттер пайда болады, араласу шеңбері сыныптастарының аркасында едәуір кеңейеді.

1-фактор: Бақылаудың әлсіреуі. Бала батауыш сыныпта 4 жыл бойы 1 кабинетте, бір ғана мұғалімнің бақылауында тұрақты түрде болады да, оның барлық қимылы мен оқу сапасы туралы мәліметтер ата-анасына күнде белгілі болып отырады. Бастауыш сынып мұғалімі әрі - оның ұстазы, әрі-сынып жетекшісі, әрі-бақылаушысы. Оның талабын тез түсініп алған бала ыңғайына қарай бейімделіп, оқу процесіне өзі де көмектесе бастайды. Мұғалім де әр балаға жеке талап қояды. Түсінбей қалса, сабақтан соң түсіндіреді, әрқашан көмектеседі. 5-сыныпта бұл баланс бұзылады. Әр пәнді әр түрлі мұғалім жүргізгендіктен, әрқайсысының дауысына, сөйлеу мәнеріне, қоятын талабына үйрену қиындық келтіреді. Әрбір баланың мінез-құлқын жаттап, «мәпелеп» отыруға пән мұғалімінің де уақыты болмауы мүмкін. Осы жерде баланың өзін керексіз сезінуі, мақтау естімеуі, мұғалімнің назар салмауы балаға жағымсыз әсер етеді.

2-фактор: Мұғалімнің ауысуы. Бастауыш сынып мұғалімі-әрі ұстазы, әрі анасындай, тіпті туысындай болып кетеді. Балаға білім беріп қана қоймай, өзіне-өзі қызмет көрсетуге, тазалыққа, әдептілікке үйретеді. Жақсы тамақтануын да қадағалайды, көңіл-күйін де аулайды. Бала мұндай адамның қасында өзін панасы бардай, қорғанышты алаңсыз күйде ұстайды. Кенеттен балаға «екінші анасын» ауыстыруға тура келеді. Әр түрлі мінезі бар мұғалімдердің бір мезгілде айналасына қаптап кетуін елестетіп көріңізші. Оның үстіне мұғалімдердің көбі баланың өзі менің талабыма үйрене қоймайды деп шәкіртті кіналайды. Ал шынында дұрыс педагог балаға қарай алғашқы қадамды өзі жасауы керек. Балаға бір емес, бірнеше мұғалімнің алдындағы «авторитетін» қайта құру талабы тұрады. Толқытатын, қорқытатын, шошытатын шындық-осы.

3-фактор: Жұмыс ырғағының ауысуы. Жаңа пәндер қосылып, жұмыс көлемі артады. Бастауышта күніне 2-3 пәнге дайындалса, орта буында 5-6 сабаққа қатар дайындалады. Жаңа пәндерді бірден меңгере алмауы да оқушыны тежейді. Әр мұғалім дәптерді әр түрлі жүргізеді. Тез жаза алмайтын балалар қалып қояды. Жазу көбейіп, бала жалыға бастайды. Тарихшы даталарды жатқа сұраса, математик формуланы жатқа сұрайды, қазақ тілі мұғалімі жеке пікірін есепке алады деген сияқты толып жатқан ұсақ-түйектер баланың мектептегі өмірін қиындатады. Жаңағы талаптың бәрін бір ғана 10 жастағы баланың басын сыйғызу қандай қиын. Ойлап көрсеңіз бәрі де ұсақ-түйектен басталады. Жинала-жинала тамшыдан теңіз құралатыны сияқты проблема күн санап өсе береді.

4-фактор: Білім алшақтығы. Оқулықтардың бастауыш сыныптағы білімнің заңды жалғасы бола алмай отырғандығы рас. Әсіресе, математика пәні бойынша алшақтық көп. Кітапқа түскен әрбір тақырыпты баланың білмейтіні деп қарау керек. Бастауышта түсінбей қалғанын мұғалімі ерінбей түсіндіреді немесе жолын табады. Ал пән мұғалімінде уақыт жоқ. Түсінбестіктер көңіл-күйді түсіріп, осыдан келіп, екіліктер көбейеді.

5-фактор: Мұғалімдердің жүктемесіндегі жүйесіздік. Мысалы, бір мұғалімге жүктеме 5-ші және 10, 11-ші сыныптан беріледі. Ол көбіне оқушыларының жас айырмашылықтарының алшақтығын ескермей, бәріне бірдей өз әдістемесімен сабақ жүргізеді. 11-сыныптан сабақтан шығып, бірден 5-ші сыныпқа кірген кезде балаға олардың жасына сәйкес емес тәсілмен сабақ жүргізеді. Себебі, 5 минуттық қоңырауда мұғалім өзін қайта керекті арнаға бұра алмай қалады. Бұл 5-ші сыныптың баласына 11-ші сыныптың баласындай қарайды деген сөз. Сондықтан, мұғалімге жүктеме баланың жас ерекшелігі мен айырмасын ескеріп берілуі керек. Әрі сол алған

сыныбын орта жолда тастамай, бітіріп шыққанша жүргізіп, сыныпта е болмаса пән мұғалімі тұрақты болғаны дұрыс.

Жоғарыда айтып өткенімдей, адаптациялық кезеңдегі оқушылармен жұмысты оқу жылының басынан диагностикалық жұмыстар жүргізілді. 5-ші сынып оқушыларының орта буынға бейімделуіне байланысты «Оқу мотивациясы», «Социометрия», «Пәнге қызығушылық» сауалнамалары жүргізілді. 5 сынып оқушыларының психологиялық-педагогикалық диагностикасын анықтау, олардың кіші буыннан орта буынға көшуге бейімділігін бақылау барысында оқушыларға Ұнамайтын пәндер бар екені анықталды.

5 «А» сыныбы. Мектепке бейімделуі Оқу мотивациясы тесті бойынша 18 оқушы жоғары деңгейді көрсетіп отыр. 100 % Пәнге қызығушылығы тесті 11 оқушы 61,1% пайыз жоғары, 6 оқушы 33,3% пайыз орта, 1 оқушы 5,5% пайыз төмен деңгейді көрсетті. Статус бойынша Лидер 3 оқушы, Белсенді 4 оқушы, Қабылданғандар 6 оқушы, Оқшауланған 5 оқушы.

5 «Ә» сыныбы Мектепке бейімделуі Оқу мотивациясы тесті 12 оқушы 66,6% пайыз жоғары, 6 оқушы 33,3% пайыз орта деңгейді көрсетіп отыр. Пәнге қызығушылығы тесті 16 оқушы 88,8% пайыз жоғары, 2 оқушы 11,1% пайыз орта деңгейді көрсетті. Статус бойынша Лидер 5 оқушы, Белсенді 6 оқушы, Қабылданғандар 3 оқушы, Оқшауланған 3 оқушы.

5 «Б» сыныбы Мектепке бейімделуі Оқу мотивациясы тесті 11 оқушы 57,8 % пайыз жоғары, 7 оқушы 38,8% пайыз орта, 1 оқушы 5, 2% төмен деңгейді көрсетіп отыр. Пәнге қызығушылығы тесті 9 оқушы 47,3 % пайыз жоғары, 9 оқушы 47,3% пайыз орта, 1 оқушы 5,2 % пайыз төмен деңгейді көрсетті. Статус бойынша Лидер 5 оқушы, Белсенді 6 оқушы, Қабылданғандар 5 оқушы, Оқшауланған 3 оқушы.

5 «А» сыныбы Ұнамайтын пәндер Орыс тілі пәні 3, Қазақ тілі 1, Ағылшын 1, Математика 1, Информатика 1, Жаратылстану 1, Тарих 1, Дүние жүзі тарихы 1.

5 «Ә» сыныбының Ұнамайтын пәндер Информатика пәнінен 4 оқушы, Музыка пәні 4 оқушы, Математика пәні 1 оқушы, Өзін-өзі тану пәні 2 оқушы, Қазақ тілі 1 оқушы, Қазақстан тарихы 1 оқушы.

5 «Б» сыныбының Ұнамайтын пәндер Өзін-өзі тану пәнінен 5 оқушы, Информатика пәніне 5 оқушы, Орыс тілі пәнінен 2 оқушы, Математика пәнінен 1 оқушы, Тарих пәнінен 1 оқушы, Қазақ тілі пәнінен 1 оқушы, Қазақ әдебиеті пәнінен 1 оқушы, Орыс әдебиеті пәнінен 1 оқушы, Дене пәнінен 1 оқушы, Еңбек пәнінен 1 оқушы, Музыка пәнінен 1 оқушы, Жаратылстану 1.

Дарынды баланы анықтау 5 сынып оқушылары арасында психологиялық тренинг өткізілді. Жеткіншектер мен жасөспірімдердің эмоционалдық-еріктік аймағын диагностикалау. 6-7сынып, 8-11 сынып аралығында әдістеме, тест жүргізілді.





II.Түзету-дамыту жұмысы

Мектеп бойынша даму мүмкіндігі шектеулі (үйден оқитын, психикалық дамуы тежелген сыныпта оқитын, инклюзивті біліммен қамтылған) оқушылармен жыл бойы жұмыс атқарылды.





Үлгерімі төмен бастауыш сынып оқушыларының танымдық процесстері мен тұлғалық мотивациялық аймағын түзету-дамыту жаттығулары. Оқушылардың танымдық процесстер аймағын дамыту: ойлау, зейін, қабылдау, логикалық ойлау қабілеттер (1-сыныптар)




5 сынып оқушыларының орта буынға көшуімен байланысты бейімделу бағдарламасы бойынша дамыту жаттығулары, 11 сынып оқушылары арасында ҰБТ-ның қандай ерекшеліктерімен бітіруші түлектерді таныстыру мақсатында түсіндірме сағаты өткізілді. Оқушыларға ҰБТ тапсыру кезінде негізгі қиындықтар бітірушілердің емтихан жағдаятын қабылдау ерекшеліктерін, өзін-өзі бақылаудың жеткіліксіз дамуына және стресске қарсы тұруының төмендігі мен өзін-өзі реттеу жөнінде мәліметтер берілді. Соның ішінде ҰБТ-ның ерекшеліктерімен, жүргізілу барысымен таныстыру, стресске қарсы тұру мүмкіндігін жоғарлату, өз-өзіне сенімділігін арттыру секілді оқушыларға толығырақ түсіндірілді. Оқушылардан қазіргі кездегі ҰБТ тапсыру барысындағы қиындықтар, жинаған ұпай сандары, таңдағалы отырған мамандықтары жөнінде өз ойларын айтып ортаға салды.

11 сынып оқушыларына ҰБТ-ге дайындық жұмысында психологиялық сауалнама, тренинг жүргізілді. Жас мамандармен жұмыс «Жас маман келсе, іске» психологиялық тренинг және «Сіз қандай мұғалімсіз?» сауалнамасы жүргізілді. 8 «Ә» сыныптар арасында «Ұрпақ саулығы-ұлт саулығы» атты түсіндірме сағаты өткізілді. Мақсаты қазіргі кездегі жасөспірімдер арасында тарап жатқан, электронды темекі жөнінде мағұлмат беру, оның адам денсаулығына тигізер зияны жөнінде оқушыларға түсіндірілді. Оқушыларға «Вейп» электронды шылым туралы мәлімет беріліп, адам ағзасына қаншалықты зиян екендігі, темекінің өзіне қалай тартатындығы жөнінде оқушыларға мәлімет берілді. Оқушылар «вейп» жөнінде өз ойларын айта, өздері пайдаланып көрмегендіктерін, таныстарының арасында қолданатын балалар бар екендігін айта, сонымен қатар дүкендерде сатылып тұрғанын көргендерін, қанша тенге тұратындығын ашық айтты. Қорытындылай келе оқушыларға қазіргі қоғамның мәселелерінің бірі электрондық темекі жөнінде толығырақ танысып, түсіндірілді.

5-9 сынып оқушылары арасында Жасөспірімдердің арасындағы буллинг пен кибербуллинг және одан қорғану жолдары бойынша кеңес беру сағаты өткізілді. Оқушылар буллинг пен кибербуллинг ұғымдарымен таныса, олардың түрлерін, буллинг белгілері мен сипаттамасы қандай? екендігі сонымен қатар адамды күнделікті өмірде, интернетте, әлеуметтік желі мен түрлі мессенджерлерде қорқытып, зорлық көрсету түрлерімен оқушыларға түсіндірілді. Оқушылар екі топқа бөліне буллинг пен кибербуллинг түсінігін кеңінен ашып өз түсініктері бойынша ашып көрсетті. Сонымен қатар күнделікті өмірде кездесіп жататын мысалдарды да айта кетті. Оқушыларға буллинг, кибербуллинг сенің достарыңның, отбасыңның, мектептегі балалардың немесе бөтен адамдардың тарапынан болуы мүмкін, қалай болған жағдайда да, ол дұрыс емес және бұлай болуға тиіс емес екендігі айтып түсіндірілді. 9-11 сынып оқушыларына Қалалық пәндік олимпиадаға қатысатын оқушылардың дайындық жұмыстарына жағдай жасау, оқушыларға психологиялық көмек көрсету психологиялық тренинг жүргізілді. 5-сынып оқушыларының орта буынға көшуімен байланысты бейімделу бағдарламасы дамыту

бағытталған психологиялық жаттығулар. Мемлекеттік бітіру емтиханы ҰБТ ға дайындық жұмыстары ай сайын психологиялық тренингтер жүргізілді. Мектеп бойынша даму мүмкіндігі шектеулі (үйден оқитын, психикалық дамуы тежелген сыныпта оқитын, инклюзивті біліммен қамтылған) оқушылармен ойын-жаттығулары жүргізілді. Ұжымның психологиялық ахуалын дамыту психологиялық тренингтер жүргізілді. Тұлғалық ерекшеліктерді дамыту психологиялық жаттығулар 6-7сынып, 8-10сынып оқушылары.









III.Профилактика және психологиялық ағарту

МАД тәрбиеленушілерімен танысу мақсатында «Қош келдіңдер, балдырғандар!» тренингі ұйымдастырылды. Тренинг мақсаты: Оқушылармен тренинг арқылы танысу, қатысушылар арасында жағымды қарым-қатынас туғызу, әрқайсысымен тіл табысып, олардың мінез-құлық ерекшеліктерін байқау.




Жасөспірім суицидінің алдын алу: жасөспірімге депрессиядан, абыржулық және психологиялық жарақаттан шығуға қалай көмектесуге болады? Семинар-тренинг ата-ана, және сынып жетекшілер қатысуымен ZOOM арқылы семинар-тренинг өткізілді. Жасөспірімдер арасындағы буллинг пен кибербуллинг және одан қорғану жолдары тақырыбында ата-ана, сынып жетекшілердің қатысуымен ZOOM арқылы дәріс өткізілді. «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» ата-ана, сынып жетекшілердің қатысуымен ZOOM арқылы конференция өткізілді. «Балам -менің баға жетпес байлығым» тақырыбында караша айында ата-аналарға психологиялық тренинг өткізілді. Жоғары сынып оқушысына емтихан алдындағы қобалжу мен үрейді жеңуге қалай көмектесеміз? Топтық кеңес ата-ана. Кәсіби бағдарлау мәселесі бойынша психологиялық алдын алу және ағарту жұмыстары 9-11 сынып оқушыларына психологиялық сабақ. Ғаламтор мен компьютерлік ойындарға тәуелділік 5-9 сынып оқушыларына түсінік жұмыстары. Жасөспірімнің дербестігі мен оқудағы жауапкершілігін қалай дамытуға болады? Ағарту жұмыстары ата-ана. Жасөспірім балаңызбен қалай дос болуға болады? Баяндама ата-аналармен.





IV.Консультация беру

5-сыныптардың орта буынға бейімделу ерекшеліктері туралы ата-аналарға сынып жетекшілерінің қатысуымен ZOOM арқылы топтық кеңес берілді. Жасөспірімдердің жыныстық ағарту деңгейін арттыру барысында мектеп медбикесі І.Серікқызы, тәрбие ісі жөнінде орынбасары Ж.Бисенбайқызы және мектеп психологының қатысуымен 7-8, 9-11 сынып қыз балалар арасында дәріс, психологиялық кеңес жүргізілді. Кәсіби бағдарлау мәселесі бойынша психологиялық кеңес, Ата-аналарға көкейкесті психологиялық-педагогикалық мәселелер бойынша кеңес, әңгімелер, топтық, жеке кеңес жұмыстары.






V.Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс

«Отбасы-тұлғаның рухани-адамгершілік тәрбиесінің негізі» тақырыбында қазан айында мектепшілік семинар өтті. Семинарда «Жанұя бақыты» тақырыбы бойынша ата-аналарға тренинг-жаттығу жүргізілді.





Мектеп директоры:



Мырзағалиев А.К.

Мектеп педагог-психологтары:

Handwritten signatures of the school pedagog-psychologists.

Канжигитова А.А.

Донова Ж.А.